

2. Ugolovno-processual'nyj kodeks Respubliki Kazahstan ot 04 iyulya 2014 goda // [Elektronnyj resurs] <http://online.zakon.kz/>
3. Banchuk A. Nachalodosudebnogorassledovaniya v proekte UPK Respubliki Kazahstan // <https://lprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/Nachalo-dosudebnogo-rassledovaniya-v-proekte-UPK-RK.pdf>
4. Novyj UPK RK. Novelly. CHast' 1 Dosudebnoeproizvodstvo (Advokatskayakontora «Aitkaliyeva&Partners Lawyers») // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31648958&pos=2;-36#pos=2;-36
5. Kenzhetaev CH.D. Yavka s povinnoj kak povod k nachalodosudebnogorassledovaniya v Ugolovno-processual'nom kodekse Respubliki Kazahstan (problemy ponimaniya) // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Pravo – 2015. – № 3 (79). – С. 129-135.

ӘОЖ 343.120.5(571)

DOI: 10.54649/2077-9860-2021-3-108-113

Б.Ж.Чельдебаева¹
¹Каспий қоғамдық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: bako_0196@mail.ru

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ

Аңдатпа

Жаза тағайындаудың арнайы ережелерін кешенді және жүйелі зерттеу әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, алдын алу және түзету әсерін жүзеге асыру аясында ғана емес, ең алдымен қылмыстық сот ісін жүргізудің соңғы сатысында адамның Конституциямен кепілдендірілген құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты ғылыми-практикалық қызығушылық тудырады.

Теориялық негіздері. Әдістері. Әдістер қойылған мақсаттарды, міндеттерді және зерттеу объектісін түсіну негізінде таңдалады. Жұмыстың әдіснамалық негізі-әлеуметтік-құқықтық құбылыстарды танудың жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістерінің жиынтығы: талдау, синтез, индукция, шегеру, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, ресми-құқықтық.

Зерттеу нәтижелері. Жазатағайындаудың арнайы ережелері институтының тұжырымдамалық негіздері және олардың өзара әрекеттесу механизмі жан-жақты зерттелген. Жүйе құраушы белгілердің призмасы арқылы олардың мәні мен шеңбері, заңды табиғаты және осы ережелерді қолдану мақсаттары ашылады. Соңдай-ақ, арнайы тағайындау ережелерінің өзара және жазалау институтының басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу мәселелері зерттеледі.

Түйінді сөздер: медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар, арнайы субъект, қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыс, қылмыстық теріс қылық, бас бостандығынан айыру, мүлкі ті тәркілеу, жазаны атқару, сотталған, қамақ тергеу изоляторы, айыппұл, мемлекеттік органдар.

Б.Ж. Чельдебаева¹
¹Каспийский общественный университет,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: bako_0196@mail.ru

НАЗНАЧЕНИЕ НАКАЗАНИЯ ЗА МЕДИЦИНСКИЕ УГОЛОВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ

Аннотация

Комплексное и системное исследование специальных правил назначения наказания представляет научно-практический интерес не только в рамках восстановления социальной справедливости, реализации предупредительного и исправительного воздействия, но прежде всего - в связи с необходимостью обеспечения гарантированных Конституцией прав и свобод человека на завершающей стадии уголовного судопроизводства.

Теоретические основы. Методы. Методы избраны исходя из понимания поставленных целей, задач и объекта исследования. Методологической основой работы выступает совокупность как общенаучных, так и частнонаучных методов познания социально-правовых явлений: анализа, синтеза, индукции, дедукции, системно-структурного, сравнительно-правового, историко-правового, формально-юридического.

Результаты исследования. Комплексно исследованы концептуальные основы института специальных правил назначения наказания и механизма их взаимодействия. Через призму системообразующих признаков раскрываются их сущность и круг, юридическая природа и цели применения указанных правил. Также исследуются проблемы взаимодействия специальных правил назначения как между собой, так и с иными структурными единицами института назначения наказания.

Ключевые слова: медицинские уголовные правонарушения, назначения наказания, специальный субъект, уголовные правонарушения, преступление, уголовный проступок, лишение свободы.

B.Zh. Cheldebayeva¹
¹Caspian Public University,
Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: bako_0196@mail.ru

SENTENCING FOR MEDICAL CRIMINAL OFFENSES

Annotation

A comprehensive and systematic study of the special rules of sentencing is of scientific and practical interest not only within the framework of restoring social justice, implementing preventive and corrective action, but above all - in connection with the need to ensure the rights and freedoms of a person guaranteed by the Constitution at the final stage of criminal proceedings.

Theoretical foundations. Methods. The methods are chosen based on an understanding of the goals, objectives and object of research. The methodological basis of the work is a set of both general scientific and private scientific methods of cognition of socio-legal phenomena: analysis, synthesis, induction, deduction, system-structural, comparative-legal, historical-legal, formal-legal.

The results of the study. The conceptual foundations of the institute of special rules of sentencing and the mechanism of their interaction are comprehensively investigated. Through the prism of system-forming features, their essence and range, the legal nature and purposes of applying these rules are revealed. The problems of interaction of special rules of appointment both among themselves and with other structural units of the institution of sentencing are also investigated.

Keywords: medical criminal offenses, special subject, criminal offenses, crime, criminal misdemeanor, deprivation of liberty.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға ҚК тиісті бабында белгіленген шектерде және ҚК Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға

тиіс. Егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза түрі тағайындалады. Жасалған іс-әрекет үшін ҚК Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза ҚК 58 және 60 –баптарына сәйкес қылмыстық

құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған іс-әрекет үшін ҚК Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен онша қатаң емес жазатағайындау үшін негіздер ҚК 55-бабында айқындалады.

Жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі [1].

Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген ережелерін негізге ала отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына, сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңғасәйкес бұлжытпай шешуі қажет екендігіне соттардың назары аударылсын [2]. Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында (бұдан әрі – ҚК) көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет.

Қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты, сыбай-

лас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын міндетті түрде талқылаудың және қолданудың қажеттілігіне соттардың назары аударылсын [3].

Қазақстан Республикасының бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметіне сәйкес Қазақстан Республикасында соңғы бес жылда тіркелген медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны туралы статистикалық деректерді талдау жасалған санын көрсетеді, талдауға сәйкес: 2016 жылы – 590, 2017 жылы – 384, 2018 жылы – 443, 2019 жылы – 474 және 2020 жылы – 416 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген [4].

Мысалы, Атырау қалалық сотының үкіміне сәйкес, сотталушы Р.Дадикенов Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына фельдшері ретінде 2021 жылдың наурыз айының 18-нен 19-на қараған түні Атырау қаласы, Береке селосы, Құспанов көшесі №3 үйде А.Филимның денсаулық жағдайы нашарлап, іші ауырып, талмасы ұстап қалып, бірнеше есінен танып, талып, құсып, кіші және үлкен дәреті қайталап кете берген соң, аталған мекен-жайға жедел –жәрдем шақыртылып, 19 наурыз 2021 жылы сағат 06:22 шамасында Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясының жедел-жәрдем қызметінің №14 бригадасының фельдшерлері Р.Дадикенов және Ж.Иса келіп, бірінші линиялық бас фельдшер Р.Дадикенов А.Филимның денсаулық жағдайын қарап-тексеріп, сұрастыру шараларын жүргізіп, алайда А.Филимның денсаулық жағдайына дұрыс баға бермей, өзінің қызметтік міндеттеріне немқұрайлы қарап, қажетті медициналық көмек көрсетпей және жедел-жәрдеммен уақытылы ауруханаға жеткізілмей, соңғысына «Гастроэнтероколит, НЦД» диагноздарын қате қойып, ауырсынуды басатын смесьті және құсыққа қарсы инъекцияны салып, кетіп қалған. Сол күні, сағат 08:48 шамасында А.Филимның жағдайы нашарлаған соң, Атырау облыстық медициналық же-

дел жәрдем станциясының жедел- жәрдем қызметкерлері тағы шақыртылып, сағат 08:55 шамасында келген №24 бригада фельдшері Ә.Назарова А.Филимның жатырдан тыс жүктіліктің, жатыр құбырының жыртылуымен және көп мөлшерде қан жоғалтуымен ұласқан, қан кету талмасымен асқынуы салдарынан қайтыс болғандығы анықтаған.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде сотталушы Р.Дадикенов пен адвокат Н.Тухфатов тарапынан кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасауға ерікті түрде ниет білдірілуіне байланысты Атырау қаласының прокурорымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық- процестік кодексінің (әрі қарай – ҚПК-нің) 193-бабының 1-бөлігінің 19) тармағына сәйкес процестік келісімнің шарттары сақтала отырып, кінәні мойындау туралы процестік келісім жасақталған.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жасақталу барысында ҚПК-нің 613-616-баптарының талаптары сақталған.

Сот отырысында сотталушы сотталушы Р.Дадикенов, адвокат А.Амиргалиев кінәні мойындау туралы процестік келісімді жасауға ерікті түрде ниет білдіргенін, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді, іс-әрекеттің саралануын дауламайтынын, тағайындалатын жазамен келісетіндерін көрсетті.

Жәбірленуші Т.Филим сотта қазіргі кезде мүліктік және моральдық залал өндірілгенін, сотталушыға тағайындалатын шартты жазамен келісетінін көрсетті.

Сотталушы Р.Дадикеновтың әрекеті ҚК-нің 317-бабының 3-бөлігімен медицина қызметкерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы және оларды орындамауы салдарынан абайсызда адам өліміне әкеп соғу белгісімен дұрыс сараланған.

Кінәні мойындау туралы процестік келісім бойынша прокурормен сотталушыға тағайындалатын негізгі жаза ҚК-нің 317-бабы 3-бөлігінің санкциясы шеңберінде 3 жыл мерзімге медицина саласында қызмет атқару құқығынан айырып, 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырып, ҚК-нің 63-бабын қолданып, шартты түрде жаза қолдану жазасы ұсынылған. Бұл жазамен сотталушы және оның қорғаушысы толықтай келіскен.

ҚР ҚК-нің 53-бабына сәйкес жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде сотталушылардың кінәсін толықтай мойын-

дап, жасаған әрекетіне шын ниетпен өкінуін, жәбірленушілерге келтірілген моральдік және басқа залалды залалды өндіргенін, асырауында жас баласының барын таниды.

Қылмыстық жауапкершілігі мен жазасын ауырлататын мән-жай жоқ. Жаза мөлшері мен түрін анықтау кезінде сот, сотталушының тарапынан жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты, тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалын ескеріп, сотталушы кінәні мойындау туралы процестік келісімге сәйкес, Р. Дадикеновке ҚК-нің 317-бабының 3-бөлігінің санкциясы шеңберінде 3 жыл мерзімге медицина саласында қызмет атқару құқығынан айырып, 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырып, ҚК-нің 63-бабын қолданып, шартты түрде жаза қолдану жазасын тағайындауға жеткілікті негіздер бар деп табады.

Сот отырысында сотталушы Р.Дадикенов өзіне қатысты жәбірленушімен татуласуына және келтірілген мүліктік және моральдық залалды өндіруіне байланысты қылмыстық істі іс жүргізуден тоқтатып, жауаптылықтан босатуды сұрады.

Алайда, ҚК-нің 68-бабы 4-бөлігінің 3) тармағының талаптарына сәйкес абайсызда адам өліміне алып келген қылмыс жасағанда адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатпайды. Сондықтан, сотталушының өтініші қанағаттандырусыз қалдырылады.

Аталған қылмыстық іс бойынша сараптама жүргізуге жұмсалған 18 687 тенге процесстік шығындар сотталушыдан өндірілуге жатады.

Р.Дадикенов ауырлығы онша емес қылмыс жасаған, сондықтан ҚК-нің 98-2-бабының 1) тармағына сай «Жәбірленушілерге өтемақы қоры» пайдасына 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтемақы өндірілуі тиіс. Заттай дәлелдемелер ҚК-нің 118 бабының талаптарына сәйкес шешіледі.

Атырау қалалық сотының үкімімен Дадикенов Ренат Кенжебекұлы ҚК-нің 317-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге медицина саласында қызмет атқару құқығынан айырып, 2(екі) жыл 6(алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

ҚК-нің 63 бабын қолданып, тағайындалған жазаны шартты деп есептелсін. Р.Дадикеновке тағайындалған бас бостандығынан айырудың барлық мерзімінде пробацялық бақылау

белгіленіп, жаза өтеу барысында пробация қызметіне хабарламай тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау, облыс аумағынан тыс жерлерге бармау; түңгі сағат 22:00-ден таңғы сағат 06:00-ге дейін тұрғылықты мекен жайынан кетпеу міндеттерін орындау жүктелсін үкім шығарылды [5].

И.Ш. Борчашвили атап өткендей, «медицина немесе фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауының қоғамдық қауіптілігі адам денсаулығын қорғауды медициналық қамтамасыз ету саласында белгіленген тәртіпке қол сұғудан тұрады» деп есептейді [6, 450 б.].

Осылайша, заң шығарушының мақсаты-медициналық көмекке мұқтаж адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға кепілдік беретін қоғамдық қатынастарды қорғау.

«Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар» 12-тарауына кіретін барлық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі медициналық көмек көрсетумен байланысты қылмыстық қол сұғушылықтан азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға және қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастар болып табылады.

ҚР ҚК 317 – бабының 1 - бөлігі және 2-бөлігінде көзделген құқық бұзушылықтың тікелей объектісі денсаулық сақтауға бағытталған қоғамдық қатынастар, 3-бөлігі және 4-бөлігі-науқастың өмірін қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастар, ал 5-бөлігі-науқастың денсаулығы мен өмірін қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қаралатын құқық бұзушылықтың негізгі тікелей объектісі науқастың өмірі мен денсаулығын қорғауға кепілдік беретін қоғамдық қатынастар болып табылады.

С.М. Рахметов пікірінше, медицина қызметкерінің кәсіби міндеттерін орындамауы оның кәсіби міндеттерін орындаудан бас тартуы деп түсіну керек, бұл әрекетсіздік, бұл кінәлінің өзінің кәсіби міндеттерін орындауға мүмкіндігі болған жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады. Өзінің кәсіби міндеттерін дәлелді себеппен орындамау қаралып отырған қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрмайды деп есептейді [7, 342 б.].

Қолданыстағы ҚК 12-тарауындағы баптарының санкцияларына қатысты:

– абайсызда жасалған ауырлығы орташа қылмыстар үшін - үш жыл мерзімге, қасақана түріндегі ауырлығы орташа қылмыстар үшін - бес жыл мерзімге, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын тағайындау;

– абайсызда жасалған ауыр қылмыстар үшін - бес жыл мерзімге, қасақана түріндегі ауыр қылмыстар үшін - сегіз жыл мерзімге, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын тағайындау;

– абайсызда жасалған аса ауыр қылмыстар үшін - он жыл мерзімге, қасақана түріндегі аса ауыр қылмыстар үшін – өмір бойы белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын тағайындау.

Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. www. - adilet.kz
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. www. - adilet.kz
3. Қылмыстық жазатағайындаудың кейбір мәселелері туралы
1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы.
4. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. www. - gamgor.kz
5. Атырау қалалық №2 сотының №21-1/415 Үкімі. 2021 жыл
6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к уголовному кодексу Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – Т. 2. Особенная часть. – 1120 с.
7. Рахметов С.М., Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. – 752 с.

References:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдесіндегі № 226-V ҚРЗ. www. - adilet.kz
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. www. - adilet.kz
3. Қылмыстық hazataғayyндаудың кейбір мәселелері туралы
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы.
5. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. www. - gamgor.kz
6. Атырау қалалық №2 сотының №21-1/415 Үкімі. 2021 жыл
7. Borchashvilil.Sh. Kommentary k ugolovnomukodeksu Respubliki Kazakhstan. – Almaty: Zhetizharғы, 2015.– Т. 2. Osobennayachast.– 1120 s.
8. Rakhmetov S.M., Kommentary k Ugolovnomukodeksu Respubliki Kazakhstan. – Almaty: TOO «Izdatelstvo «Norma-K», 2016.– 752 s.